



Бұйрық № 130

1 Мамыр ауылы

31.08.2020ж

**2020-2021 оқу жылының басталуы,
ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағы 3-тармақшасына және Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 2020 жылғы 19 тамыздағы, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 19.08.2020ж №76-н/к бұйрығын басшылыққа алып бұйырамын:

4. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепте 2020-2021 оқу жылының басталуы және каникул кезеңдерінің мерзімдері айқындалсын
 - 2020-2021 оқу жылы 1 қыркүйек күні басталсын
 - Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасы
- Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері
 - 1-11 сыныптарда күзгі каникул -10 күн (2020 жылғы 05 қараша - 14 қараша аралығында),
 - қысқы каникул - 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан - 2021 жылғы 10 қаңтар аралығы),
 - көктемгі каникул – 12 күн (2021 жылғы 20 наурыз - 31 наурыз аралығы)
 - 1 сыныптарға қосымша каникул -7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығы)
5. Бұйрықтың мазмұны барлық ата-аналарға, мектеп мұғалімдері мен оқушыларға жеткізілуі камтамасыз етілсін.
6. Бұйрықтың орындалуына басшылық жасау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Балғынбаевқа жүкелсін.

Негізі: Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 19.08.2020ж
№76-н/к бұйрығы

Мектеп директоры:  Б.Бейсекүл



КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№23 "1 МАМЫР" ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №23 "1 МАМЫР"» ОТДЕЛА
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА

1 Мамыр ауылы

Бұйрық № 82

17.05.2021ж

**«2020-2021 оқу жылын аяқтау және білім алушылардың
қорытынды аттестаттауын өткізу туралы»**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабының 14 тармақшасына және Түркістан облысының Адами әлеуетті дамыту басқармасының 2021 жылғы 11 мамырындағы №134 «2020-2021 оқу жылының аяқталуы және орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» бұйрығына, Келес ауданының Адами дамыту бөлімінің 2021 жылғы 17 мамырдағы №134-н/к бұйрығына сәйкес 2020-2021 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жалпы білім беру ұйымдарының қорытынды аттестаттауын өткізу мақсатында бұйырамын:

I. Оқу жылын аяқтау және білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауын өткізудің мынадай мерзімдері белгіленсін:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтары 2021 жылғы 25 мамырда аяқталсын.
2. Негізгі орта білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 9 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау 2021 жылғы 28 мамыр мен 5 маусым күндері аралығында өткізілсін.
28 мамыр – ана тілі, эссе
2 маусым – математика, бақылау жұмысы
5 маусым – орыс тілі, диктант

3. Жалпы орта білім берудің білім беру, оқу бағдарламасын меңгерген 11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау, мемлекеттік бітіру емтихандары нысанында 2021 жылғы 1 маусым мен 10 маусым күндері аралығында өткізілсін.
1 маусым – ана тілі мен әдебиет, эссе
4 маусым – алгебра және анализ бастамалары, жазбаша
7 маусым – қазақстан тарихы, тест
10 маусым – орыс тілі, тест

II. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау 2021жылғы 11-19 маусым аралығында өткізілсін.

III. «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сәйкес 2020-2021 оқу жылын аяқтау қамтамасыз етілсін.

III. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мен басшылық жасау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Балғынбаевқа міндеттелсін.

Негізі: Келес ауданының адами дамыту бөлімінің 2021 жылғы 17 мамырдағы №134-н/к бұйрығы

Мектеп директоры:



Б.Бейсекұл